

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
11.12.2019 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НЫҒМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 11.12.2019 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «Салықтық базаны бүркемелеуге және пайданы салық салу аясынан алып кетуге қарсы іс-қимыл жасау мақсатында салықтық келісімдерге қатысты шараларды орындау жөніндегі көпжақты конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Баяндама жасау үшін сөз Қаржы министрі Әлихан Асханұлы Смайылов мырзаға беріледі.

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында Экономикалық даму және ынтымақтастық ұйымының үздік тәжірибелерін енгізу қажеттілігін атап өтті.

Аталған тапсырманы негізге ала отырып, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі салықтарды төлеуден жалтаруға қарсы күреске бағытталған Экономикалық даму және ынтымақтастық ұйымының жаңа жобасы – BEPS-ке Қазақстанның қатысуына бастама жасады.

Бүгін сіздердің қарауларыңызға – «Салықтық базаны бүркемелеуге және пайданы салық салу аясынан алып кетуге қарсы іс-қимыл жасау мақсатында салықтық келісімдерге қатысты шараларды орындау жөніндегі көпжақты конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы ұсынылып отыр.

Осы халықаралық шартқа қосылудың маңыздылығы мен қажеттілігін атап өткім келеді, өйткені бұл Еуропалық Одақтың директивасына сәйкес BEPS жобасының барлық қатысушылары үшін міндетті шарт болып табылады.

Бұл конвенция барлық екіжақты салықтық конвенцияларға салық салудан жалтаруға қарсы іс-қимылға бағытталған өзгерістер енгізеді. Бұл ретте көпжақты конвенция тек осы конвенцияға қосылған мемлекеттердің екіжақты салықтық конвенцияларын қамтиды.

Көпжақты конвенцияда көзделген негізгі өзгерістер келесі:

біріншіден, заңды тұлғалардың қос резиденттік мәселесін шешу тәртібі анықталған;

екіншіден, кіріспе мәтіні екі мемлекетте де, атап айтқанда, кіріс көзі болатын мемлекетте және табыс алушының резиденттігі болатын мемлекетте кірістерді салық салудан босату мүмкіндігін болдырмау бөлігімен толықтырылады;

үшіншіден, егер мәміленің мақсаты тек жеңілдіктерді алу болса, жеңілдіктерді қолдануды шектейтін ереже көзделген;

төртіншіден, дивидендтер бойынша табыс туындағанға дейін бір жыл ішінде жеңілдіктерді алу үшін белгіленген шарттарына сәйкес болу қажеттілігі туралы талап белгіленеді;

бесіншіден, келісімшарттарды бөлу, агенттік комиссиялық келісімдерді, жекелеген қызмет түрлері үшін арнайы ерекшеліктерді пайдалану есебінен тұрақты өкілдік мәртебесін заңсыз болдырмаудың жолын кесуге бағытталған ережелер енгізілді;

алтыншыдан, өзара келісілетін рәсімге бастама жасау үшін нақты мерзімдер белгілей отырып, өзара келісім рәсімі жетілдірілді.

Біз «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы аланында бизнес-қауымдастық өкілдерімен көпжақты конвенцияның ережелерін түсіндіру мақсатында бірнеше рет кездесу өткіздік.

Құрметті депутаттар, қорытындылай келе, аталған құжаттың маңыздылығын тағы да атап өткім келеді.

Біріншіден, көпжақты конвенцияға қосылу халықаралық стандарттарға сәйкес болуға тырысатын ел ретінде Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының алдында Қазақстанның мәртебесін көтереді, екіншіден, салық органдарының екіжақты салық конвенцияларының ережелерін қолдану арқылы құрылған салық схемаларының жолын кесудегі күресінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Конвенцияны іске асыру мемлекеттік бюджеттен қаржы шығындарын талап етпейді.

Сіздерден осы көпжақты конвенцияны ратификациялау бойынша заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті депутаттар, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Шарапаев Петр Анатольевичке беріледі.

ШАРАПАЕВ П.А. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Алихан Асханович! Данная многосторонняя конвенция коснется 42 соглашений об избежании двойного налогообложения и уклонения от уплаты налогов, уже ратифицированных Республикой Казахстан. После ратификации многосторонней конвенции эти 42 соглашения должны быть приведены в соответствие с нормами конвенции.

Поясните, пожалуйста, будет разработан новый единый и понятный для пользования налогоплательщиков документ или должны будут руководствоваться двумя документами – действующим двусторонним

соглашением и рассматриваемой сегодня многосторонней конвенцией? Каков будет порядок вступления в силу норм данной конвенции? Спасибо.

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Спасибо за вопросы.

Налогоплательщикам для определения порядка налогообложения надо будет руководствоваться двусторонними соглашениями об избежании двойного налогообложения, а также этой многосторонней конвенцией и законом о ее ратификации.

Вместе с тем для того, чтобы налогоплательщикам было удобно, сейчас мы разработаем синтезированный текст двусторонних соглашений с учетом всех оговорок, которые принимаем во время принятия данной многосторонней конвенции.

Многосторонняя конвенция вступает в силу после того, как произойдет ратификация, будет послано соответствующее уведомление депозитарию, по истечении трех месяцев с 1-го числа следующего месяца вступает в силу.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Дәуренбаев Амангелді Айдарұлына беріледі.

ДӘУРЕНБАЕВ А.А. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Менің сұрағым Сыртқы істер министрінің өкіліне арналады.

Құрметті Ермек Беделбайұлы! Бүгінгі талқыланып отырған конвенцияға қосылатын елдер саны неғұрлым көп болса, соғұрлым келешекте әділетті салық салуға мүмкіндігіміз болады деп ойлаймыз. Соған байланысты сұрағым бар.

Айтыңызшы, бүгінгі күні қанша ел осы конвенцияға қосылды және оны ратификациялады? Сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одаққа қатысушылардың арасында осы құжатты ратификациялаған елдер бар ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Көшербаев Ермек Беделбайұлы.

КӨШЕРБАЕВ Е.Б. Сұрағыңызға рақмет.

Бүгінгі күні осы конвенцияға 89 ел қосылып отыр. Қосылған 37 ел конвенцияны ратификациялау іс-шараларын ұйымдастырған.

Рұқсат болса, Еуразиялық экономикалық одақ бойынша қарап шығып, кейін жауап берейін.

ТӨРАҒА. Жақсы, сосын анықтама бересіз.

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Мен жауап берейін.

ТӨРАҒА. Әлихан Асханұлы.

СМАЙЫЛОВ Ә.А. ТМД елдерінің және Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде Ресей мен Армения осы көпжақты конвенцияға қол қойды. Ресейде ол ратификациядан өтті, ал Армения ратификациялау барысында.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Олейник Василий Ивановичке беріледі.

ОЛЕЙНИК В.И. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Алихан Асханович! Действие статей 7 и 10 многосторонней конвенции направлено в первую очередь на четкое определение права международных компаний использовать налоговые льготы в рамках

соглашения об избежании двойного налогообложения. К таким компаниям можно отнести и национальные, и иностранные компании, которые работают на территории нашей области. Полагаю, что сегодня эти компании уже начали анализировать влияние положений конвенции на их деятельность.

В этой связи у меня следующие вопросы:

1. Сколько в Казахстане действует национальных и иностранных компаний, на которых распространится действие настоящей конвенции?

2. Какие меры планируются вами в целях адаптации национальных компаний к новым правилам налогообложения, предусмотренным настоящей конвенцией? Спасибо.

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Спасибо за вопросы.

Под действие данной многосторонней конвенции подпадают нерезиденты, которые получают доходы у источников в Республике Казахстан.

Что касается казахстанских налогоплательщиков, то она касается косвенно, то есть как налоговых агентов, которые удерживают данные доходы у источников выплаты. Таких налоговых агентов чуть более 10 тысяч в нашей республике. Теперь нам надо будет развернуть широкую разъяснительную работу с этими налоговыми агентами в связи с принятием данной многосторонней конвенции.

Мы в настоящее время проводим аналитическую работу по международному опыту, в частности, в Японии, в Российской Федерации, на их основе хотим подготовить необходимые нормативные правовые акты, которыми налоговые агенты будут руководствоваться при принятии решений по обоснованности предоставления той или иной льготы. В ближайшее время разработаем. У нас есть три месяца до вступления в силу многосторонней конвенции, они будут согласованы с «Атамекеном», всеми госорганами, опубликованы и доведены до сведения. Разъяснительная работа будет проведена. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Мусин Қанат Сергейұлына беріледі.

МУСИН Қ.С. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Бүгінгі таңда бүкіл әлемде халықаралық компаниялар өздерінің кірістерін салық денгейі жоғары елдерден салық денгейі төмен немесе нөлдік салық салынатын елдерге жасанды түрде алып кететіні ешкімге құпия емес. Біздің елімізде кейбір басқа елдермен салыстырғанда адал салық салу жүйесі бола тұрса да бұл жағдай Қазақстанға тән.

Қазақстанның осы көпжақты конвенцияға қосылуы салық салудан жалтару схемаларының жолын кесу бойынша салық органдары күресінің тиімділігін арттыруға тиіс. Осыған байланысты сұрағым бар.

Қазақстанның конвенцияға қосылуы келешекте бюджеттің кіріс бөлігінде түсімдердің нақты өсуіне әсер ете ме?

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Әрине, әсер етеді. Осы көпжақты конвенция резидент емес субъект Қазақстанда табыс алған кезде тиісті жеңілдіктерді алуға шектейді. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының талдауларына қарасақ, осы екіжақты конвенцияны пайдаланудан дүние жүзінде 200-240 миллиард долларға дейін салықтан жалтару орын алуда. Сондықтан осы көпжақты келісімге барлық елдердің қосылуы салық түсімдерін айтарлықтай көбейтетіні сөзсіз. Қазақстан бойынша, мысалы, салық агенттіктері осы екіжақты конвенцияны пайдаланып, резидент емес субъектілердің 2,1 триллион теңге табысын салықтан босатты. Енді көпжақты конвенцияға қосылғаннан кейін осы табыстан, мен ойлаймын, біраз салық түсу керек.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Мыңбай Дархан Қамзабекұлына беріледі.

МЫҢБАЙ Д.Қ. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Әлихан Асханұлы! Заң жобасының 1-тармағына сәйкес конвенция бойынша өзгерістер қосарланған салық салуды болдырмау туралы қолданыстағы барлық екіжақты келісімдерге енгізілетін болады. Осы екіжақты келісімдердің ережелері салық салу кезінде заңды тұлғаларға да, жеке тұлғаларға да қолданылады. Ал енді Қазақстанның азаматтарына осы конвенция нормаларының күші қандай жағдайларда қолданылатынын толығырақ айтып берсеңіз. Және табыс салығын төлеу бойынша түсінбеушіліктерді болдырмау үшін біздің азаматтарымыз не істеу керек, қандай шаралар қабылдау керек? Осы жөнінде де тоқталсаңыз. Рақмет.

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Сұрағыңызға рақмет.

Көпжақты конвенция жеке тұлғаларға қатысты екі тәртіпті реттейді. Біріншісі – жеке тұлғалардың құн өсімінен пайда болған табысқа салық салу тәртібі. Екіншісі – жеке тұлғаларда негізсіз салық салу орын алып отырса, жеке тұлғалар екіжақты келіссөздерге жүгіну тәртібі. Ол 9 және 16-баптарда көзделген. Және жеке тұлға салық төлеу бойынша хабарлама алса, оның ойынша салық салу негізсіз болса, онда тиісті уәкілетті органға өтінішпен келіссөздер бастауға құқығы бар. Сол келіссөздердің нәтижесінде жеке тұлғаның мүддесі қорғалатын болады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Бычкова Светлана Федоровнаға беріледі.

БЫЧКОВА С.Ф. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Мой вопрос адресован докладчику. Прошу подключиться также представителя Министерства юстиции.

В настоящее время при возникновении спора по применению норм какого-либо двустороннего соглашения об избежании двойного налогообложения налогоплательщик вправе обратиться в налоговый орган своей страны для проведения процедуры взаимного согласования с налоговым органом другой страны.

Теперь же, согласно статье 16 многосторонней конвенции, он может напрямую подать заявление в налоговый орган другой страны для разрешения

спора. Вместе с тем данная конвенция ограничивает срок подачи этого заявления до трех лет. Это в ряде случаев (по крайней мере до 1 января 2020 года) меньше соответствующих сроков, предусмотренных нашим законодательством.

Поэтому я на всякий случай прошу уточнить уважаемого вице-министра юстиции действующие сроки подачи заявления в налоговый орган для проведения процедуры взаимного согласования, какие они в настоящий момент.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Ахметова Акерке Естаевна, с Вас начнем, потом Алихан Асханович дополнит.

АХМЕТОВА А.Е. Спасибо за вопрос.

Действительно, статья 16 соглашения предусматривает совершенствование механизма разрешения споров. Именно статья 16 предусматривает взаимосогласительную процедуру, когда лицо одной из договаривающихся юрисдикций может предоставить заявление в течение трех лет с момента первого уведомления о действиях, приводящих к налогообложению не в соответствии с положениями налогового соглашения, на которое распространяется настоящее соглашение.

По Вашему вопросу о том, как в действующем законодательстве, разрешите мне уточнить.

ТӨРАҒА. Вы что, не знаете сроков исковой давности, которые установлены по гражданскому и налоговому законодательству? Это же основополагающие нормы. Вы можете нам сегодня сказать?

АХМЕТОВА А.Е. Извините, мне нужно уточнить.

ТӨРАҒА. Хорошо. Тогда у меня другой вопрос. Сейчас депутат Бычкова, насколько я понимаю, спросила про некоторое несоответствие нормам.

БЫЧКОВА С.Ф. Вначале на всякий случай уточнить сроки, а потом я хочу перейти к вопросу...

ТӨРАҒА. Сейчас Алихан Асханович скажет. То есть понятно, по срокам вы почитаете, узнаете, мы будем этим удовлетворены.

Теперь у меня другой вопрос. Что касается нашего законодательства и нормы статьи конвенции, то срок подачи ограничивается, я так понимаю, до трех лет. То есть идет несоответствие с нашим законодательством. Как эта норма будет корреспондироваться юридически? Ладно, понятно.

Алихан Асханович, пожалуйста.

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Уважаемый Нурлан Зайруллаевич! Уважаемые депутаты! В международной конвенции в обязательном порядке должна быть статья, которая ограничивает срок исковой давности для инициирования взаимосогласительных процедур. Это обязательное требование со стороны международной организации по данной конвенции.

Срок в три года является стандартным сроком, который также должен применяться и в Казахстане. Учитывая, что это международный договор, который ратифицирован Парламентом, он будет иметь высший статус, чем

национальное законодательство. Поэтому это стандартный срок, мы обязаны его применять.

ТӨРАҒА. Спасибо, Алихан Асханович. Сейчас Вы продемонстрировали очень глубокие знания юридической техники, юридического законодательства.

Сөз депутат Косарев Владислав Борисовичке беріледі.

КОСАРЕВ В.Б. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

У меня традиционный вопрос.

Уважаемый Алихан Асханович! Многосторонняя конвенция сможет побудить Правительство предотвратить работу паразитирующих перекупщиков сельскохозяйственной продукции, собственников квартир, которые подошли по численности уже к миллиону граждан, получают миллионы тенге в месяц, а платят налог 1200 тенге как формализованные самозанятые граждане? Ведь это разложение и паразитирование на здоровом теле общества! У Правительства хватит сил, чтобы, выполняя эту конвенцию, справиться с этой заразой в нашей стране? Спасибо.

СМАЙЫЛОВ Ә.А. Спасибо за вопрос.

Данная многосторонняя конвенция является дополнительным инструментом по сокращению теневой экономики, увеличению доходов в наш республиканский бюджет. Перед нами стоит задача по сокращению теневой экономики. Мы этим вопросом вплотную занимаемся и красноречивыми фактами, которые свидетельствуют о том, что растет доля светлой экономики и снижается доля теневой экономики, – это рост налоговых платежей в бюджет, в частности, в текущем году по итогам года мы ожидаем рост на 1,2 триллиона тенге, из которых 840 миллиардов тенге обусловлены улучшением налогового и таможенного администрирования, то есть как раз тем, что недобросовестный бизнес начинает платить больше денег в бюджет, выполняя свои обязательства.

На следующий год у нас стоит планка уже 1,4 триллиона тенге с ростом к 2019 году, из которых 400 миллиардов мы отдаем в базу местных бюджетов в виде КПН от малого и среднего бизнеса с увеличением на 1 триллион в республиканском бюджете. Бюджет следующего года мы недавно благодаря вам приняли. Мы этим плотно занимаемся. И эта многосторонняя конвенция также направлена на то, чтобы тот бизнес, который работает в нашей стране, не уходил от налогообложения, платил налоги в той стране, в которой он осуществляет свою деятельность. Спасибо.

ТӨРАҒА. Сұрақтарымыз аяқталды. Әлихан Асханұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді, құрметті әріптестер, қосымша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі депутат Жамалов Аманжан Мәкәрімұлына беріледі.

ЖАМАЛОВ А.М. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер және шақырылғандар! Министр өзінің баяндамасында осы заң жобасының негізгі тұстары мен маңыздылығын атап өтті.

Бұл көпжақты конвенцияға Қазақстан тарапынан Астанада 2018 жылғы 25 маусымда қол қойды.

Заң жобасын қабылдау республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржылық шығындарды талап етпейді.

Мәжіліс қабырғасында заң жобасы бойынша атқарылған жұмыстар туралы қысқаша баяндауға рұқсат етіңіздер.

Осы заң жобасы бойынша мемлекеттік органдар мен «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы өкілдерінің қатысуымен жұмыс тобының отырыстары және комитеттің кеңейтілген отырысы өткізілді.

Қаржы және бюджет комитеті заң жобасы бойынша редакциялық нақтылау сипатындағы және құжатты заң техникасы қағидаларына сәйкес келтіруге бағытталған түзетулер енгізді.

Заң жобасына салыстырмалы кесте қабылданған 21 позициядан тұрады.

Парламент Мәжілісінің барлық комитеттері заң жобасына оң қорытынды берді.

Айтылғандарды ескере отырып, Қаржы және бюджет комитеті осы заң жобасын мақұлдауды ұсынуға болады деп есептейді.

Комитеттің қорытындысы сіздерде бар.

Қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Аманжан Мәкәрімұлы.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Жабағиев Қожахан Көкірекбайұлына беріледі.

ЖАБАҒИЕВ Қ.К. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! Көпжақты конвенцияның негізгі мақсаттары оның кіріспе бөлігінде нақты жазылған.

Конвенция Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының және G20 бірлескен жобасы болып табылады. Ол салықтық базаны бүркемелеуге және пайданы салық салу аясынан алып кетуге қарсы іс-қимыл жасауға бағытталған.

Бүгінгі таңда 89-дан астам ел осы конвенцияға қосылды. Бұл статистика қуантады.

Уәкілетті мемлекеттік органдар мен бизнес қоғамдастықтар тарапынан да осы көпжақты конвенцияның ережелерінен туындайтын барлық міндеттемелер мұқият зерделенді деп үміттенеміз.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы шет мемлекеттермен жасасқан қосарланған салық салуды болдырмау туралы 54 келісім қолданылады, оның ішінде көпжақты конвенцияны қолданып, қол қоюшы болып табылатын 42 келісімге қатысты.

Конвенция шетелде кірістері, активтері бар немесе қаржылық операциялар жүргізетін азаматтар мен компанияларға қатысты болады.

Конвенция барлық қол қоюшы елдер үшін міндетті болып табылатын ең төмен стандарттарды және елдер өздері таңдаған опциондық ережелерді қолдануды көздейді.

Барлық мәлімдемелер мен ескертпелер заң жобасының мәтінінде көрсетілген. Бұл бизнес-қоғамдастықтың құжатты ыңғайлы пайдалануы үшін жасалған.

Конвенция шеңберінде көзделген шаралар қаншалықты тиімді болатыны тағы да біздің салық қызметтерінің жұмысына, олардың қызметкерлерінің кәсіби шеберлігіне, құзыреттілігіне және табандылығына, әріптес елдердің салық қызметтерімен ынтымақтастыққа дайындығына байланысты.

Ел ішінде конвенция бойынша біз таңдаған шараларды әкімшілендіру тетігін пысықтау басқа фактор болып табылады. Мұнда біз салық төлеушілермен келісілген заңға тәуелді актілердің түсінікті және нақты жобаларын дайындау қажет деп есептейміз.

Осыған байланысты біздің салық қызметтеріміз осы конвенцияның барлық мүмкіндіктерін мемлекетіміздің игілігі үшін пайдаланады деп сенеміз.

Заң жобасын қолдауды ұсынамын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Қожахан Көкірекбайұлы.

Басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ. Құрметті әріптестер, талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын тұтастай мақұлдау. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Енді осы мәселе бойынша қаулы қабылдауымыз керек. Сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 101, «жақтағандар» – 101. Шешім қабылданды.



*Дүркіс: Бұтағаманмен қамтамасыз ету
Белгінің сөздер менгерушісі,
Мамат Н. Шайғынғали.*